

**Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 31-3 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда № 4044 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қыркүйектегі № 7-9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 13.09.2023 № 7-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10030 болып тіркелген) және "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14285 болып тіркелген) сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімінің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Жамбыл ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Жамбыл аудандық мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) "Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 44-6 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 2767 болып тіркелген, 2015 жылы 30 қыркүйекте "Шұғыла-Радуга" газетінде жарияланған);

2) "Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 44-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 ақпандағы № 50-4 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде № 2976 болып тіркелген, 2016 жылы 3 наурыздағы "Шұғыла-Радуга" газетінде жарияланған).

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Жамбыл аудандық мәслихаттың әкімшілік-аумақтық құрылыс, жер, халықтың денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау, халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін, мүгедектерді, ана мен баланы қорғау және жер учаскесін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға жүктелсін.

5. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жамбыл аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Жамбыл аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Ө. Ботаев*

*Р. Бегалиев*

Жамбыл аудандық мәслихатының  
2018 жылғы "7" желтоқсандағы  
№ 31-3 шешіміне 1 қосымша

## **Жамбыл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Нормасы, жылына 1 есептік бірлік текше метрге
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,62
2	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,65
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,27
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,72
5	Емханалар	1 келуші-кетуші	0,0005

6	Ауруханалар, өзге де емдеу-алдын алу мекемелері	1 төсек-орын	0,92
7	Мектеп және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,10
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,50
9	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, казино, ойын автоматтарының залдары	1 отыратын орын	0,17
10	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңының 1 м2	0,05
11	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,03
12	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңының 1 м2	0,07
13	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	1 м2 сауда алаңы	0,35
14	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м2	0,23
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	1 м2 сауда алаңы	0,20
16	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,18
17	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,17
18	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,98
19	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орын	1,21
20	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу, тігін ателье	Жалпы алаңының 1 м2	0,18
21	Зергерлік, аяқ киім, сағат жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңының 1 м2	0,20
22	Жөндеу және қызметтер (кілттерді жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орын	0,16
23	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңының 1 м2	0,07
24	Аудан аумағында көпшілік іс-шараларды ұйымдастыратын заңды тұлғалар	1 000 қатысушы	0,03

## Жамбыл ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтері

Жинаудың және әкетудің өзіндік құны 1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтар – 1144,57 теңге.

Көмудің өзіндік құны 1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтар – 488,72 теңге.

2018 жылы тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму бойынша қызметтердің құнын есептеу (Айлық есептік көрсеткіш – 2 405 теңге).

1. Жайлы үй иелігі тұрғындары үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкетуге және көму бойынша қызметтердің құнын есептеу

№	Атауы	теңге
1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкетуге, 1 м3		
1.1.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету	995,28
1.2.	Табыстылығы, 15%	149,29
1.3.	Тариф, қосылған құн салықсыз	1144,57
2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму, 1 м3		
2.1.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды көму	393,18
2.2.	Табыстылығы, 15%	58,98
2.3.	Барлығы	452,16
2.4.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтардан қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақы (2 405 теңге*0,38*0,2*0,2)	36,56
2.5.	Тариф, қосылған құн салықсыз	488,72
3. Айына 1 адамға тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму		
3.1.	Барлығы, 1 м3 үшін тариф (стр. 1.5+стр.2.7+стр.3) теңге	1633,29
3.2.	1 адамға айына арналған тариф	84,38

2. Шаруашылық жүргізуші субъектілердің абоненттері үшін (жеке және заңды тұлғалар) тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкетуге және көму бойынша қызметтердің құнын есептеу

№	Атауы	теңге
1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету, 1 м3		
1.1.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету	955,28
1.2.	Табыстылығы, 15%	149,29
1.3.	Тариф, қосылған құн салықсыз	1144,57
2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму, 1 м3		

2.1.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды көму	393,18
2.2.	Табыстылығы, 15%	58,98
2.3.	Барлығы	452,16
2.4.	1м3 тұрмыстық қатты қалдықтардан қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақы (2 405 теңге*0,38*0,2)	182,78
2.5.	Тариф, қосылған құн салықсыз	634,94
3. 1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, көму және әкету		
3.1.	Барлығы, тариф 1 м3 үшін (стр.1.5 . + стр.2.7. + стр.3) теңге	1779,51
3.2.	Тариф 1 м3 үшін	1779,51

**3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды полигонда көму қызметінің құны**  
**Айлық есептік көрсеткіш 2 405 теңге**

№	Атауы	теңге	
		1 м3	1 тонна
1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму тұрғындар үшін			
1.1.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды көму	393,18	2312,80
1.2.	Табыстылығы, 15%	58,98	346,92
1.3.	Барлығы	452,16	2659,72
1.4.	1м3 тұрмыстық қатты қалдықтардан қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақы (2 405 теңге* 0,38*0,2*0,2)	36,56	
1.5.	1 тонна тұрмыстық қатты қалдықтардан қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақы (2 405 теңге* 0,38*0,2)		182,78
1.6.	Барлығы	488,72	2842,5
1.7.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тариф барлығы	488,72	2842,5
2. Шаруашылық субъектілерден тұрмыстық қатты қалдықтарды көму			
2.1.	1 м3 тұрмыстық қатты қалдықтарды көму	393,18	2312,16
2.2.	Табыстылығы, 15%	58,98	346,92
2.3.	Барлығы	452,16	2659,72
2.4.	1м3 тұрмыстық қатты қалдықтардан қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақы (2 405 теңге* 0,38*0,2)	182,78	

2.5.	1 тонна тұрмыстық қатты қалдықтардан қоршаған ортаға эмиссия үшін төлем ақы (2 405 тенге* 0,38)		913,9
2.6.	Барлығы	634,94	3573,62
2.7.	Барлығы, тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тариф	634,94	3573,62

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК